



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

успеха на жизненном пути, позволяет подняться на ступень выше, охватить более обширные пространства общения, познакомиться с национальными особенностями культуры и традициями народов других стран.

Сегодня знание нескольких языков становится обязательным требованием не только зарубежных, но и казахстанских работодателей. Свободное владение иностранным языком, наряду с хорошими профессиональными навыками, позволит специалисту получить достойную работу и построить успешную карьеру.

Знание нескольких языков обогатит и расширит границы нашей жизни. Это один из важных кирпичиков фундамента, на котором строится вся наша жизнь.

В современном мире знание иностранного языка – это норма для активных и целеустремленных людей, если вы свободно общаетесь на нескольких языках, это увеличит ваши жизненные перспективы.

Интеграция Казахстана в мировое сообщество зависит сегодня от осознания и реализации простой истины: мир открыт тому, кто сможет овладеть новыми знаниями через овладение доминирующими языками. Благодаря инициативе Президента наше государство приступило к реализации концепции полиязычия в образовании, потому что именно полиязычие послужит укреплению конкурентоспособности Казахстана и усилению межэтнического согласия.

Список использованных источников:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства». – Астана, 2012. –14 декабря. Выступление.
2. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстан-ская правда. – 2012. – № 218–219. – 10 июля.
3. Послание Главы государства народу Казахстана «Нұрлы жол – путь в будущее». – Астана, – 2014.– 11 ноября.

ӘОЖ 373:81'246.3

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҮШТІЛДІЛІК(ШВЕЙЦАРИЯ, ЖАПОНИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ АНАЛИЗІ)

Сағадинаова Ырысты Есімжанқызы

sagadinova99@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Б. Ш. Кадрина

"Дүниені өзгертудің ең күшті қаруы – ол білім"

Нельсон Мандела.

Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген саликалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы: “Мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет”[2]– деп ерекше атап көрсеткен. Жаһандағы дамыған 30 елдің қатарына кіруде үштілділік үлкен рөл ойнайды деп те айтылады. Осы тұрғыда саясаттанушы Т.Әбдуәлидің: «Мемлекет басшысы жаһандану жөнінде мәселе көтергенде де өре түрегелдік. Жаһандану дегеніміз қарапайым сөзбен айтқанда жоғары деңгейге жеткен елдермен қарым-қатынасымызды нығайту. Соның бірі – тілдік коммуникация. Бұл үшін

халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпайтұрмай баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз»[3] деген ойын оқытушы Т.Тәңірбергенқызы ары қарай жалғастырады: «Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі, ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес».[4]

Мемлекеттегі тіл мәселесінің артында дін, өркениет, тарих жатқанын ұмытпаған жөн. Бәсекеге қабілетті, дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін дамыған Еуропа елдерінің саясатын түгелдей жаңадан тәуелсіздік алған, сан жылдар бодан болып келген Қазақстан Республикасына көшіру әманда барлық жағдайда дұрыс болып келе бермейді.

Белгілі қазақстандық лингвист, **А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары – Анар Фазылжан үштілділік туралы сұхбатында былай дейді:** "Жасыратыны жоқ, қазір бізде үштілділік ресми түрде енгізіліп кетті. Бұл туралы ең алғаш 2004 жылы айтылды. Қазақстанда білім беру жүйесіне жалпы үш тілді енгізуіміз керек деп айтыла бастаған алғашқы кезеңде бұл мәселемен біздің қоғамда көбіне орыс тілді ғалымдар айналысты. Олар Еуропадағы, Ресейдегі полилингвизм, көптілділікті ресми қолдау жобалары керемет пайдалы деді. Сонда ойланып қалдым: олардағы доминант тілдер, яғни Еуропа елдерінің ресми тілдері мен Ресейдің мемлекеттік тілі – орыс тілінің ахуалы мен біздегі мемлекеттік тіл – қазақ тілінің ахуалы бірдей ме, әрине, бірдей емес, олай болса, біз бұл елдердің көптілділік тәжірибесіне бұлжытпай сүйенуіміз дұрыс па?"[1] Осы сұраққа жауапты Швейцария мен Жапониядағы білім беру жүйесіндегі тілдермен салыстыра отырып табатын боламыз. Неліктен Швейцария мен Жапония деген сұрақ әрбір жанды толғандырары хақ. Әзірше себебін бұл мемлекеттердің дамып кеткенімен түсіндіре тұрсақ, төмендегі дәлелдермен бұл сұрақ кеңірек ашылады.

Ресми деректерге сүйенетін болсақ, Швейцария төрттілді мемлекет болып келеді. Яғни, төрт ресми тіл бекітілген – неміс, француз, итальян және реторомандық. Әрбір кантонның сөйлейтін тілдері әртүрлі. Мысалға, сіз Бернда жүрсеңіз неміс (Берндік неміс тілі) тілінде сөйлеп жүрген халықты көресіз. Осы Берннан Фрибургқа барсаңыз француз тіліндегі халықты кездестіресіз. Берн мен Фрибургтың арасы 25 минуттық жер екенін ескерсек, швейцариялықтар бір күні бір-бірін түсінбей кетеді-ау деген қауіпте жоқ емес. Сондықтан бастауыш сыныптан өз кантондарының тілінен бөлек екінші мемлекеттік тілді үйренеді. Ал шет тілі ретінде ағылшын тілі оқытылады. Сонда Швейцарияның бір кантонының мектеп оқушысы бастауыш сыныптан үш тілді оқуға тиісті. Қазақстан саясатымен ұқсас дүние секілді көрінгенмен, ағылшын, француз, неміс тілі – гомогенді тілдер екенін есте ұстаған жөн. Олар бір діннің айналасында дамыған, бір христиан өркениетінің тілдері. Барлығының айтылым-жазылымы басқа болғанымен, ортақ лексикасының түбірі бір. Қырғыз, қазақ, өзбек жиналып алып сөйлесек, бір-бірімізді түсінеміз ғой. Сол сияқты барлығы біртекті, сондықтан бір тіл басымдық алып кетіп жатса, басқаларына айтарлықтай нұқсан келтірмейді. Өйткені олардың түп-төркіні, тамыры біреу болғанымен қоса, заманауи еуропалық мәдениет үлгісі жағынан да бір: бірдей киінеді, бірдей ойлайды, дүниені бірдей таниды. Арасында аздаған айырмашылықтар болады, әрине. Ондай айырмашылық болмаса, ұлт болмайды ғой.

Енді экономикасы жағынан, даму жағынан Швейцариядан қалыс қалмайтын Жапонияның білім беру жүйесіндегі тілдік қызметті қарастырайық. Тарих сахнасынан Жапонияның кезінде жабық саясат ұстанғаны барлығымызға мәлім. Географиялық жағынан да жерінде табиғи қазынаның жоқтығы мәлім. Кезіндегі Хиросима мен Нагасакидағы жарылыстарда ел экономикасын бірнеше жылға кейін шегіндіргені де белгілі. Алайда, қазіргі таңда Жапония барлық мемлекет санасатын дамыған алып держава. Неліктен? Себебі, қандай жағдай болмасын Жапония өз тілі мен салт-дәстүрін берік сақтап отырған. Халқының 99,4%-і жапондардан тұрады. Олар балаларын балабақшаларға көп бере бермейді. Бала өз ата-анасының тәрбиесінде өсуі тиіс деп санайды. Ал мектепке барғаннан кейін бастауыш сыныптарда өзге шет тілдерді оқымайды. Ж.Пиаже деген психоллингвист ғалым: «Баланың санасында 9-12 жас аралығында өзінің ұлттық бірегейлігі қалыптасады», – дейді. Ұлттық

бірегейлік о баста психологиялық құбылыс ретінде танылған: тұлғаның өзін бір жағдайға, қауымдастыққа, ұжымға телуі. Өзін бір нәрсенің өкілі, мүшесі санау, жақтаушысы ретінде тану. Мысалы, бала дүниеге келген соң, өзінің кім екені туралы ойлана бастайды. Сөйтіп, 9-12 жасында өзінің қай ұлттың, мәдениеттің өкілі екенін түсінеді екен. Оның соны түсінуіне әсер ететін нәрсе – ең алдымен тілі, ортасы, қоғамы. Мысалы, үйде атасы-әжесі, ата-анасы орыс тілінде сөйлеп жүрсе, бала өзін орыспын деп тануы әбден мүмкін. Ондай да фактілерді анықтаған ғылыми тәжірибелер бар. Сол себептен жапондықтар бастауыш сыныпты бітіргенше тек өздерінің ана тілдерінде оқиды. Өз тілін еркін меңгерген адам өзге тілдерді де оңай үйренеді дейді ғалымдар. Осы жолда ойға мына бір оқиға оралып отыр:

— *Жапониядағы «Никко» зерттеу орталығының президенті Мориату Минато Қытайда өмірге келген. Өте ерте уақытта әке-шешесімен Жапонияға қоныс аударған. Содан бері қытай тілінде сөйлемеген екен. Араға бірнеше жыл салып, Қытайға іссапармен келеді. Сенесіз бе, Қытайға келгенде ол кенеттен қытайша сөйлеп кеткен. Айналасындағы адамдар таң қалған. Бала ең бірінші қай тілде сөйлесе, қай тілде тілі шықса, соны өмір бойы ұмытпайды екен. [1]*

Әр қазақ жақсы білетін М.Шахановтың "Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырарда" :

Бабалардан бізге жеткен,
Құлақтыны іздеп өткен,
Өсиет бар мынадай:
“Әр нәресте қашан есі кіргенше,
Жер қадірін,
Ел қадірін,
Ең бастысы тіл қадірін білгенше,
Алғашқы әнтек қылығына
Өзі ұялып күлгенше,
Көтергенше балаң ойдың желкенін,
Қинаса да қикар соқпақ, қиыс жол,
Өзін туған қасиетті өлкенің
Ауасымен дем алуға тиісті ол!”

-делінеді. Адам ретінде қалыптасқанша бала өз туған жерінде өзінің ана тілінде сөйлеуі керек. Тіліңнен айырылғаның-кісіліктен кеткенің.

Қазақ тілін жіті зерттеген алаштың алыбы Ахмет Байтұрсынов 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақала жариялайды. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керектігі жайында мәселе қозғайды. Бастауыш мектеп бес жыл болсын. Алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жыл орысша оқысын, бірақ бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болсын деген ұсыныстар айтады. ХХ ғасырдың басында-ақ алаш қайраткерлері осы мәселені қозғап кеткен. Қазақ тілі – түркі өркениетінің жауһары, ислами құндылықтармен байыған тіл. Орыс тілі – православия құндылықтарын дәріптеген тіл. Православияның негізінде кирилл жазуы шыққан. Ал ағылшын тілі христиан дінінің католик, протестанттық бағытындағы құндылықтардың жаршысы болған, қазіргі кездегі батыстық өркениеттің, тіпті жаһанияттың тілі. Әрқайсысының шығу төркіні де, өзегінде жатқан прагматикасы да әртүрлі екенін ескерсек, тілдің артында қалай болғанда да дін мен ұлттық бірегейлік жатқанын әсте ескерусіз қалдыра алмаймыз. Мысалға, адамдар қай тілде сөйлесе, сол тіл арқылы дүниені таныған соң, олардың да танымы ұлтына қарай әртүрлі болады екен. Мысалы, «қайың» сөзін айтқанда қандай ассоциация пайда болады? Қайың десе, маған «жалғыздық» елестейді. «Берік, мықты ағаш» елестейді. Бірақ «әйел» деген ассоциация туындамайды. Ал орыс ұлтына «березка» десең, олардың санасында еріксіз «нәзік әйел» деген ассоциация туады. Мысалы, мен Ботагөз десем, қазақтар көзі мөлдіреген сұлу қызды елестетеді. Ал орысқа барып «верблюжья глаза» десем, өлсе де сұлу қызды елестетпейді. Орысқа «зеленоглазая» десем, көз алдына әдемі қыздың бейнесі көлбеңдейді. Ал қазаққа «көк көзді қыз» десем, сұлу қызды елестетпейді ғой. Көзі

тұздай екен деп жақтырмайды. Бұл – тілдің күдіреті. Бұл – қазақ пен орыстың дүниеге деген көзқарасының айырмашылығы. [1]

Ресми заң жүзінде бекітіліп кеткен үштілділік тақырыбының білім жүйесіндегі орнын алып отырғандағы басты мақсат – бастауыш сыныптағы балалар ана тілімізде дүниені танысын деген ұсыныс. Иванға мен керек емеспін ғой. Оның өзінің мың Иваны бар. Джонға да керек емеспін, оның да өзінің мың Джоны бар. Расында, әр азамат өз елінің болашағы үшін қызмет етеді. Қазақстан Республикасы дамыған отыз елдің қатарына кіргенін қаласақ ең алдымен ана тіліміздің құзіреттілігін арттырумыз керек. Қазіргідей балабақшадан кішкене бұлдіршін әлемді үш тілде оқитын болса, мектеп табалдырығын аттаймын дегенше сол үш тілдің біреуі доминатты тіл болып кетері анық. Жаһандық ағылшын тілі мен ұлтаралық орыс тілінің арасында қанша жылдық бұғаздан шыққан қазақ тілі жойылып немесе өзіндік дыбысталуынан айырылып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан қазақстандықтар бастауыш сыныптарда дүниені және өзін-өзі тануды өз ана тілдерінде өтсін. Жоғарғы сыныптардан бастап та шет тілдерін оқыса заман талабынан кеш қалмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://abai.kz/post/51900> (Анар Фазылжановамен сұхбат)
2. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007.
3. Әбдуәли Т. Үштұғырлы тілден түңілмейік // Жетісу, №31. – 2008
4. Тәңірбердіқызы Т. Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес // Қазақ әдебиеті, №48. – 2008
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық, – 2016 ж. (<http://bilim-semey.gov.kz>)

ӘОЖ 070:81'246.3

ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҮШТІЛДІЛІК

Сапар Раушан Арманқызы

armanovnar@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Б. Ш. Кадрина

Үштілділік – цифрлық дәуірдің маңызды талабы, әлемдік аренада жоғары деңгейде дамыған, оқ бойы озық тұратын алдыңғы отыз ел қатарына ену үшін ең басты баспалдақ. Жаһандық дамудың даңғыл жолына түскен Қазақ елі бәсекеге қабілетті және алып мемлекеттермен терезесі тең болсын десек, Елбасы бастаған сындарлы саясаттың астарында жарқын болашақтың кілті жатқандығын ұғынуымыз керек. Өйткені, үштілділік шет елдермен тың тәжірибе алмасып, халықаралық қарым-қатынас жасауға, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, заман ағымына саналы түрде бейімделуге бағыттайды. Н.Ә.Назарбаев бұл идеяны тұңғыш рет 2006 жылы өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында жария етіп, мән-мазмұнын түсіндірді. **2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында:** «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», – деп айрықша атап өтті. Иә, күллі әлем көз алдымызда күн сайын өзгеруде. Дүбірлі дүниеде цифрлық технология басымдыққа ие болып, ағылшын тілі өз қажеттілігін, ақпарат айдынында айрықша орын алатынын таныта түсуде. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Гүлназ Салғараева: «Ағылшын тілінің мәдениетаралық қатынас құралы болу сияқты жалпы қоғамдық қызмет атқаруымен бірге төмендегідей қосымша